«Машина жасау және стандарттау» кафедрасының 2026–2027 оқу жылына арналған
САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

Мақсаттың мазмұны	Мақсатқа жету критерийлері
Процестік тәсіл, жауапкершілікті бөлу, еңбек тәртібін сақтау және профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттерін дамыту негізінде кафедра қызметін басқарудың нәтижелілігін арттыру	1. Кафедраның бекітілген жұмыс жоспары бойынша іс-шараларды, сондай-ақ кафедраға бекітілген факультет іс-шаралары мен университеттің 2025–2029 жылдарға арналған Даму жоспарының іс-шараларын орындау – 100 %. 2. Әрбір қызметкердің бөлінген міндеттерге сәйкес кафедра міндеттерін орындауға қатысуы. 3. Кафедраның барлық қызметкерлерінің еңбек тәртібін сақтауы. 4. ПОҚ біліктілігін арттыру – кемінде 50 %, оның ішінде бейіндік технологиялар, цифрлық құралдар және оқыту әдістемелері бойынша. 5. Жоспарлы көрсеткіштердің орындалу нәтижелерін кафедра отырыстарында қарау – семестрде кемінде бір рет.
Білім беру бағдарламаларын өзектендіру, заманауи білім беру және цифрлық технологияларды қолдану, дуалды оқытуды және халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту арқылы білім алушыларды даярлаудың сапасы мен практикалық бағыттылығын арттыру.	1. Кафедраның білім беру бағдарламаларын қолданыстағы кәсіптік стандарттарды, еңбек функцияларын және жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып жыл сайын өзектендіру. 2. Цифрлық білім беру ресурстары мен ақпараттық технологияларды қолдану – пәндердің 100 %. 3. Өндірістің практикалық міндеттерін курстық және дипломдық жобаларға енгізу – жобалардың 100 %. 4. Кәсіпорындардың сұраныстары бойынша дипломдық жобаларды орындау – жобалардың кемінде 50 %. 5. Дуалды оқытумен қамту – бакалавриат білім алушыларының кемінде 25 %. 6. Академиялық ұтқырлыққа қатысу – білім алушылардың кемінде 10 % және ПОҚ-тың кемінде 10 %. 7. Білім алушылардың үлгерімі – кемінде 90 %. 8. Ғылыми тағылымдамалардан өту – есепті жылы жеке жоспарында тағылымдама көзделген докоранттардың 100 %. 9. Шетелдік ғалымдарды тарту – кемінде 5 адам, оның ішінде 1 visiting professor. 10. Серіктес кәсіпорынмен бірлесіп кемінде 1 микробіліктілік бағдарламасын іске асыру.
Оқу-әдістемелік әзірлемелердің, электрондық құралдардың, оқулықтардың, кейстердің қазіргі заманғы сапа деңгейін қамтамасыз ету.	МОӘК, ПОӘК жинақталуы – 100%; кейстерді әзірлеу - 100 %; әдістемелік әзірлемелерді ішкі рецензиялау-100 %; оқу – әдістемелік құралдар саны - 2. Кафедраішілік бақылау – 100 %; кәсіби шеберлікті бағалау: өзара қатысу – 7 сабақ, ашық сабақтар өткізу – 22 сабақ.
– Инновациялық технологияларды зерттеу, әзірлеу және енгізу; – Ғылыми зерттеулер саласындағы кәсіпорындармен ынтымақтастықты қамтамассыз ету.	Ғылыми әзірлемелер саны - 4, ғылыми жарияланымдар саны-20, оның ішінде импакт-факторы бар мақалалар - 2, шетелдік басылымдардағы жарияланымдар саны – 4, магистранттар саны - 14, докоранттар саны - 8, студенттердің ғылыми баяндамалары мен рефераттар саны - 10, ҒЗЖ қатысатын студенттер саны - 20 %, магистранттар, докоранттар

	– 100 %, СКБ-дағы ғылыми жұмысқа байланысты оқытушылар саны - 6, монографиялар шығару – 1, өнертабыстарға өтінімдер - 2.
Білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, кәсіби әдебі мен өзара әрекеттесу мәдениетін дамыту, студенттік бастамаларды қолдау және оқуға және болашақ мамандыққа жауапты көзқарасты қалыптастыру.	1. Азаматтық-патриоттық, кәсіби және адамгершілік-этикалық бағыттағы іс-шаралар өткізу – кемінде 10. 2. Мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу және оларға қатысу – кемінде 10. 3. Эдвайзерлік сағаттар өткізу – әрбір академиялық топта айына кемінде бір рет. 4. Академиялық адалдық, тәртіп, киберқауіпсіздік және салауатты өмір салты мәселелері бойынша профилактикалық әңгімелер өткізу – кемінде 10.
Практикалық даярлықты қамтамасыз ету, зерттеулер жүргізу және заманауи өндірістік технологияларды игеру үшін кафедраның оқу-зертханалық және ғылыми базасын дамыту.	1. Жабдыққа, бағдарламалық қамтамасыз етуге, шығын материалдарына және кітапхана ресурстарына қажеттілікті талдау – жылына кемінде бір рет. 2. Жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және материалдарды сатып алуға өтінімдер беру – университет белгілеген мерзімде. 3. Кітапхана қорын өзекті оқу және ғылыми әдебиетпен, оның ішінде электрондық ресурстармен толықтыруға өтінім дайындау. 4. Қолда бар әмбебап және СББ жабдықталған жабдығын, өлшеу құралдарын, 3D-технологияларды және виртуалды зертханаларды бейіндік пәндерде, жобаларда және зерттеулерде пайдалану – ЖОЖ және СҒЗЖ, МҒЗЖ, ДҒЗЖ жоспарларына сәйкес.
Жүйелі кәсіптік бағдар беру, кәсіпорындармен серіктестікті кеңейту және кәсіби жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы кафедраның білім беру бағдарламаларының тартымдылығын және түлектерге сұранысты арттыру.	1. 2026 жылы кафедраның ББББ-на қабылдау: бакалавриат – кемінде 64 адам, магистратура – кемінде 3 адам, докторантура – кемінде 3 адам. 2. Түлектерді даярлау бейіні бойынша жұмысқа орналастыру – түлектердің кемінде 90 %. 3. Павлодар машина жасау колледжінің, Павлодар техникалық сервис колледжінің, Түсті металлургия жоғары колледжінің, Павлодар монтаждау колледжінің білім алушыларымен және өңір мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу. 4. Кәсіпорындармен бірлесіп білім алушыларды практика жағдайларымен, жұмыс берушілердің талаптарымен және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен таныстыруға бағытталған кемінде 2 іс-шара өткізу. 5. Түлектерді даярлау сапасы туралы жұмыс берушілерден кері байланыс алу – жылына кемінде бір рет.

Кафедра отырысында талқыланды және мақұлданды (10.09.2026 жылғы № 2 хаттама.)

Кафедра меңгерушісі **Ж. Мусина**

Келісілді:
Декан **А. Жунусов**

UNITED REGISTRAR OF SYSTEMS URS ISO 9001